«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің «№3 Хромтау орта мектебі» КММ

Педагогтерді лауазымға тағайындау және лауазымнан босату комиссиясы отырысының №7 хаттамасы

17 желтоқсан 2024 жыл
№3 Хромтау орта мектебі
Комиссия төрағасы: Казиева Н.С
Хатшы: Бітімбай А.С
Қатысқандар саны: 5

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1.Бастауыш сынып мұғалім (тұрақты бос орын),әулеметтік педагог (тұрақты бос орын) лауазымына тағайындау конкурсына түскен кандидаттардың құжаттарының біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау

ТЫҢДАЛДЫ:

1. **Казиева Н.С - комиссия төрағасы, директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына *(өзгеріс ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022ж.22.12. № 513)* 3-тарау «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату тәртібі»-нің 1-параграфы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындауға конкурс өткізу тәртібі» негізінде 2024 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында бастауыш сынып мұғалімі (бос орын),әулеметтік педагог (бос орын) лауазымына конкурс жарияланды. бастауыш сынып мұғалімі лауазымына 1 (бір) конкурсқа қатысуға өтініш түсіп, құжаттары қабылданды. Әулеметтік педагог лауазымына өтініш түскен жоқ.
Құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде конкурстық комиссия қабылданған кандидаттар құжаттарының "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 (өзгеріс ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.04.2023ж №100)бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарады.

Кандидат құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша, аталған қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес бағалау парағына ұпайлар қойылып, есептеу жүргізіледі.Комиссияның шешімі осы бағалау парағында жинаған балл негізінде шығарылды.

Имекешева К.М - комиссия мүшесі, кәсіподақ ұйымының мүшесі:

Комиссия "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 (өзгеріс ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.04.2023ж №100) бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарының 3 тарауының 14 параграфы бойынша сәйкестігін тексеріп, кандидаттардың бағалау парағы қаралды.

WPS Office

Педагогтердің құжаттарын тексере келе төмендегі бағалау парағына қойған ұпай сандары бойынша құжаттар қайта тексеріліп комиссия мүшелері қорытынды ұпайлар қойылды. Құжаттар жан-жақты тексерілді.

Мусина Г.А комиссия мүшесі, химия пәні мұғалімі:

Бастауыш сынып мұғалімі лауазымы бос орнына:

1)Аронова Құндыз Алдабергенқызы-2022 жылы Баишев Университетін «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша аяқтаған. 2023-2024 жыл аралығында «Жұлдыз-Ай» балабақшасында тәрбиеші болып жұмыс жасаған. Өзін бағалау парағы бойынша қойған ұпай саны-10,5. Комиссия мүшелерінің тексеруімен қойылған үміткердің жалпы ұпайы -10,5 балл.

Өтініш білдірген педагогтың құжаттарын комиссия мүшелері қарай келе, жеке дауысқа сала отырып, комиссия шешім етті:

ШЕШІМ:

Конкурсқа қатысқан төмендегі педагог конкурстан «өтті» деп есептелсін және бос орынға тағайындауға ұсынылсын:

Аронова Құндыз Алдабергенқызы -бастауыш сынып мұғалімі лауазымына

Комиссия төрағасы: Казиева Н.С
Комиссия мүшелері: Маннап Б.С
Мусина Г.А
Коптенова Н.М
Имекешева К.М
Хатшы: Бітімбай А.С

WPS Office